

**Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округінің Мәмәйт Омаров атындағы ауылының Ақжол, М.Омаров, Ақсу көшелеріне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 29 маусымдағы № 1-03/5 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 8 шілдеде № 23355 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 16 қарашадағы № 1-03/9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округі әкімінің 16.11.2021 № 1-03/9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35-бабының 2- тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңы 10-1-бабының 7) тармақшасына, Ақсу қаласы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 12 мамырдың № 2-19/227 ұсынысына сәйкес, Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округінің Мәмәйт Омаров атындағы ауылының: Ақжол, М.Омаров, Ақсу көшелеріне ірі қара малдардың бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс- шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округінің әкімі Б. Сукер*